

Мәтін құрастыру жолдары

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.02.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/131162/

Усакбаева Айткуль Нагашибаевна

Мәтін құрастыру жолдары

Усакбаева Айткуль Нагашибаевна

Қостанай қаласы №3 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«Білім» — көп мағыналы және күрделі ұғым екендігі баршамызға аян. Ол адамның жүйеленген білім, білік, машықтарды меңгеру үрдісі мен нәтижесі екендігі шындық. Білім мазмұнына тек оқыту нәтижесі ретіндегі білімдік дағдылар ғана кірмейді, әрбір оқиғаға немесе іс әрекетке сыни ойлай отырып ой елегінен өткізу, шығармашылықпен жұмыс істеу болып табылады. Өйткені бүгінгі күн талабы сындарлы оқыту нәтижесінде білім ала отырып өз әрекетіне есеп беріп, алған білімін болашақта қажетінше пайдалана алатын, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға даярлауды талап етуде. Бүгінгі қарқынды өзгеріп жатқан әлемде адамзат дамуының жаңа жүйесіне білім беру мен оқытудың жаңа модельдері сәйкес келуі қажет. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «мәтін – белгілі бір жазылған шығарма немесе соның үзіндісі, әңгіме» деп анықтама береді. Ал тіл білімі сөздігінде мәтін теориясы (грек. *treoria* – зерттеу) – филологияның мәтінтану саласы деп көрсетеді. Мәтін дегеніміз — бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. Мәтін сөзінің этимологиясы семантикалық құрылымдардан тұрады; адамның жасаған нәрсесі, осы істелген нәрсе элементтерінің ішкі байланыстылығы, істелген нәрсенің шеберлігі және осы аталған үш семантикалық құрылымдарға сай оны үш пән — мәтінтану, герменевтика және поэтика зерттейді деп көрсетеді. Мәтін туралы А.Аркин «Мәтін – білімді дара тұлғаға бағдарлап оқытудың ұтымды құралы» десе, С.И.Львова «Мәтінмен жұмыс – тілдің барлық пәндермен байланысуын қамтамасыз етудің кепілі», ал Ф.Ш.Оразбаева «Тілдік қатынаста өзіндік орны мен маңызы бар қатысымдық тұлғалар: сөз, фразеологиялық тіркестер, сөйлем және мәтін. Мәтін, яғни текст – қатысымдық тұлғалардың ішіндегі мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе» деп

көрсеткен.

Мәтінді игеру келесі мақсаттардан тұрады:

- Мәтін түрлерін анықтау;
- Мәтін құрылымын зерттеу;
- Мәтін ішіндегі байланыстардың ерекшеліктерін құру;
- Мәтіндегі семантика-прагматикалық ерекшеліктердің анықтамасы.

Мәтін «жоғарыдан төмен», «төменнен жоғары» қадамына негізделіп талданады. Сонымен қатар мәтінді таза лингвистикалық тұрғыда қарастыру төмендегідей бағыттарда жүзеге асады. Олар:

- басты белгілері тұтастық пен жүйелілік болып табылатын мәтінді ең ірі тілдік жүйе деп есептеу;
- қатысымдық параметрлер мен соған қатысты лингвистикалық белгілер негізінде ұйымдасқан мәтіннің типологиялық құрылымын тану;
- мәтінді құраушы тұлға-бірліктерді айқындау;
- мәтіннің негізгі категорияларын сипаттау;
- әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің мәтін бойындағы ерекшеліктерін анықтау.
- Тұлға-бірліктер, бөлшектер құрамындағы фразалық(сөйлем) қатынастарды, байланыстарды зерттеу.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.